



ЕДБ бөлшек несие нарығына шолу

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

2025 жылдың нәтижелері


Негізгі үрдістер

- 2025 жылы бөлшек несиелеу динамикасы халық тарапынан сұраныстың бәсеңдеуі аясында қалыптасты. Бұл төмендеуі өтімдердің негізгі үлесін (91%) құрайтын кепілсіз қарыздар сегментіндегі белсенділіктің құлдырауына (ж/ж -16,9%) байланысты болды.
- Қазақстандықтар тарапынан түскен несиелік өтімдердің жалпы саны өткен жылғы 13,8% өсімнен кейін 13,7%-ға қысқарды. Бұл нарықтағы сұраныс динамикасының кері бағытқа бет алғанын көрсетеді.
- Сонымен қатар, ипотека (ж/ж +9,2%), автонесиелеу (ж/ж +41,8%) және кепілді тұтынушылық қарыздар (ж/ж +77,1%) сияқты өзге сегменттерде оң динамика сақталды. Бұл нарықтағы сұраныстың қамтамасыз етілген өнімдер пайдасына қайта бөлінгенін айқын көрсетеді.
- Кепілсіз қарыздар сегментіндегі сұраныстың бәсеңдеуі бірқатар факторлар жиынтығымен, соның ішінде ақша-несие шарттарының қатаюымен, халықтың нақты табысының төмендеуімен және нарықтың қанығу әсерімен байланысты болды.
- Кепілсіз қарыздар сегментіндегі сұраныс бәсеңдеуінің қосымша дәлелі — бірегей қарыз алушылар санының азаюы (2025 жылы -57 мың адам). Бұл халықтың несиелену сәтсіздігінің танытуы және клиенттік базаны кеңейту әлеуетінің таусылғанын көрсетеді. Сонымен қатар өзге сегменттерде, өтімдер динамикасына ұқсас, қарыз алушылар санының өсімі байқалады (төменде қараңыз).
- Халыққа берілген жаңа қарыздардың жиынтық көлемі өткен жылғы 21,9%-дан ж/ж 8,7%-ға дейін баяулады, ал несиелену портфелінің өсімі 19,8%-ды (бұған дейін 23,9%) көрсетті. Қазіргі таңда несиелеу нарығында портфелдің өсуін қамтамасыз ететін, сомасы қомақты әрі мерзімі ұзақ кепілді қарыздар жағына қарай ауысу байқалады.


- Қаржылық шарттардың қатаюы аясында бөлшек несиелердің құны артты: орташа өлшемді мөлшерлемелер 18,2%-ға (+1,4 п.т.) жетті. Ең жоғары өсім автонесиелеу мен тұтынушылық сегментте тіркелсе, ипотека нарығындағы мөлшерлемелер жеңілдікті бағдарламалардың есебінен салыстырмалы түрде тұрақты сақталды (төменде қараңыз).
- Нарық бойынша өтімдерді мақұлдау деңгейі орташа есеппен 29,2%-дан 26,2%-ға дейін төмендеді. Бұл көрсеткішке негізінен кепілді тұтынушылық қарыздар (34,8%-дан 31,4%-ға дейін) мен ипотека (37,2%-дан 24,5%-ға дейін) сегменттері әсер етті. Мұндай динамика базалық мөлшерлеменің өсуі, макропруденциалық реттеудің қатаюы, сондай-ақ жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемелері (ЖТСМ) төмендету талпыныстары аясында қарыз алушыларға қойылатын талаптардың күшеюімен байланысты. Бұл факторлар банк талаптарына сәйкес келетін қарыз алушылар шеңберінің тарылуына әкеп соқты.
- Нарық бойынша мерзімі өткен берешек үлесі негізінен тұтынушылық сегмент есебінен 2,9%-дан 4,0%-ға дейін бірқалыпты өсті. Бұл ішінара проблемалық берешекті сатуға қойылған шектеулермен және халықтың нақты табысының төмендеуімен байланысты.
- Осы жағдайларды ескере келе, 2026 жылы ақша-несие шарттарының қатаң сақталуы және бұған дейін қабылданған реттеуші шаралардың кешіктірілген әсері аясында бөлшек сауда нарығының одан әрі бәсеңдеуі күтілуде.
- Сонымен қатар, нарық қазіргі өзінде түзету кезеңінде тұр (2026 жылдың 2 айында жаңа берілімдер -5,9%-ға азайды). Мұндай жағдайда өсім қарқынын тежеу үшін макропруденциалық шарттарды қосымша қатайтудың қажеттілігі жоқ.

Халыққа жаңа қарыздар беру және пайыздық мөлшерлемелер

Халыққа кредиттер беру, а/а




Халықтың кредиттері бойынша пайыздық мөлшерлемелер



Халыққа қарыздар портфелі

Халыққа кредиттер портфелінің өсу қарқыны, а/а



Бөлшек портфельдің өсуіне қосқан үлесі




Дереккөз: ҚР ҰБ


© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Өтінімдер көлемі және мақұлдау пайызы

Кредиттерге өтінімдер саны, млн




Кредиттерге өтінімдер бойынша мақұлдау үлесі, %




Қарыз алушылардың саны және қарыздың орташа сомасы

Бірегей қарыз алушылар саны, млн




Қарыздың орташа мөлшері, млн теңге




ЕДБ тұтынушылық несиелену динамикасы

ЕДБ тұтынушылық кредиттерін беру қарқыны




ЕДБ тұтынушылық кредиттеу портфелінің өсу қарқыны




Кешіктіру деңгейі және халықтың борыштық жүктемесі

Мерзімі өткен берешектер деңгейі



Дереккөз: ҚР ҰБ, ҚР СЖРА ҰСБ

Кредиттерді өтеуге кететін шығыстар



© Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы, 2026

Резюме

Бөлшек несиелеу нарығы 2025 жылы белсенді өсім кезеңінен кейін баяулау фазасына өтті. Несие алуға берілген өтінімдер саны ж/ж 13,7%-ға қысқарды, жаңа клиенттердің келуі (өткен жылғы 487 мыңнан 163 мыңға) үш есеге жуық баяулады, ал жаңа қарыздарды беру қарқыны 2,5 есеге, яғни 21,9%-дан 8,7%-ға дейін төмендеді.

Сонымен қатар, портфельдің өсу қарқыны да баяулады, бірақ екі таңбалы деңгейде қалды (23,9%-ға қарсы 19,8%). Мұндай динамика өсу моделінің ауысқанын — кепілсіз несиелеу есебінен кеңейуден, қамтамасыз етілген қарыздарға негізделген неғұрлым байсалды өсімге көшкенін көрсетеді.

Бір мезгілде несиелеу шарттары қатайды. Базалық мөлшерлеменің өсуі, макропруденциялық шаралардың қатаңдатылуы және ЖТСМ-ді реттеу аясында пайыздық мөлшерлемелер көтеріліп, мақұлдау деңгейі төмендеді әрі қарыз алушыларға қойылатын талаптар күшейді. Бұл әлеуетті клиенттер шеңберінің тарылуына және сұраныстың неғұрлым тұрақты сегменттер пайдасына қайта бөлінуіне әкеп соқты.

2026 жылдың басында нарық қазірдің өзінде түзету белгілерін көрсетіп отыр (қаңтар-ақпан айларында берілген қарыздар көлемі 5,9%-ға азайды). Ақша-несие шарттарының қатаң сақталуын және бұған дейін қабылданған реттеуші шаралардың әсерін ескере отырып, бөлшек несиелеудің одан әрі баяулауы күтіледі. Бұл үй шаруашылықтары шығыстарының неғұрлым тежелуіне және экономикалық динамикаға несиелік импульс үлесінің төмендеуіне ықпал етеді.

Осы жағдайларда өсім қарқынын тежеуге бағытталған макропруденциялық реттеуді қосымша қатайту проциклдік сипатқа ие болуы және нарықтағы қазіргі байқалып отырған бәсеңдеуді күшейтуі мүмкін.

Негізгі сегменттің, әсіресе кепілсіз несиелеудің, белсенділігі қазірдің өзінде төмендеу үрдісін көрсетіп отырғанын ескерсек, қосымша шектеулер сұраныстың шамадан тыс тарылуына және бөлшек несиелеу нарығындағы төмендеу динамикасының күшеюіне әкелуі мүмкін.